

АУДАРМАТАНУ ОҚУЛЫҒЫН ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

*Жұмабекова А.Қ.¹

¹филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының профессоры,
e-mail: aigzhum@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада автордың қазақ тіліндегі аударматану оқулығын жасау тәжірибесі сипатталған, оның өзектілігі еліміздің жоғары оқу орындарында «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқу үдерісі мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік қамтамасыз етілмеуіне байланысты. Барлық материалдар автордың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетінің аударма бөлімінің студенттеріне, магистранттарына және докторанттарына аударма пәндерін оқыту барысында көп жылдар бойы сынамадан өткен.

Бұл оқулықтың негізгі мақсаты – болашақ аудармашының кәсіби құзыреттілігін, атап айтқанда оның құрамдас бөліктері: коммуникативті, арнайы, стратегиялық, әлеуметтік және жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылды. Сонымен қатар, оқулықтың жаңашылдығы – ана (қазақ) тілінде негізделген үштілділік идеясын теориялық және практикалық материалды игеруде жүзеге асыру.

Қазақ аударматану ғылымында алғаш рет аударма ғылымының негізгі ұғымдары оқулықта жүйелі түрде төмендегі тәртіппен берілген: « Аударматану ғылым ретінде» (1-тарау), « Аудармашылық іс-әрекеттің типологиясы » (2-тарау), «Аударма баламалылығы» (3-тарау), «Аударма прагматикасы» (4-тарау), «Аударма үдерісі» (5-тарау), «Аудармашыларды даярлау» (6-тарау), « Отандық және шетелдік аударматану» (7-тарау).

Оқулықтың мазмұнында автордың аударма теориясы, практикасы және әдістемесі салаларындағы көп жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері, талдаулары мен тұжырымдары көрініс тапқан. Олар мәтіндік материалдарда, сонымен қатар сызбалар мен кестелерде топтастырылған.

Әр тараудан кейін оқушылардың танымдық қызығушылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін дамытуға арналған өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, тесттер, сонымен қатар өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар берілген. Тапсырмалар ретінде күрделілігі мен сипаты әртүрлі мәтіндер (репродуктивтіден бастап шығармашылыққа дейін) таңдалды. Соңында аударма терминдерінің авторлық глоссарийі үш тілдегі – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі – баламаларымен берілген.

Осылайша, оқулықта жүйелі-әрекеттілік, құзыреттілік және тұлғаға бағытталған бағыттар/ тәсілдер жүзеге асырылды.

Жұмыс нәтижелерінің үлкен практикалық маңыздылығы оқулықтың қолданушылардың кең ауқымына: студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар аударма пәнінің оқытушыларына, аудармашы-практиктерге бағытталғандығында.

Тірек сөздер: аударматану, оқулық, «Аударма ісі» мамандығы, аударма құзыреттілігі, қазақ тілі, үштілділік, аударма сапасын бағалау, ғылыми және оқу салалары

Кіріспе

Елімізде мемлекеттік тілдің қызмет аясы кеңейген тұста аудармашылар, әсіресе, қазақ тілінен басқа тілдерге: шет тілдеріне, сондай-ақ көпұлтты

республикамызды мекендейтін ұлттардың тілдеріне тәржімелейтін аудармашылар үлкен сұранысқа ие.

Бүгінгі күні кәсіби, жоғары білікті мамандарды даярлау мәселесі алдыңғы қатарда тұр. Аударма теориясы мен практикасының жекелеген мәселелеріне арналған монографиялар, ғылыми мақалалардың жинақтары, оқу құралдары жарық көрді. Сөйткенмен «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқитын студенттер мен магистранттарға арналған қазақ тілінде жазылған оқулықтар әлі күнге дейін жоқ.

Ұсынылып отырған еңбек [1] бұл іске өзіндік үлесін қосады деген ойдамыз. Барлық материалдар автордың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетінің аударма бөлімінің студенттеріне, магистранттарына және докторанттарына әртүрлі аударма пәндерін оқыту кезінде көп жылдар бойы сынамадан өткен.

«Қазіргі аударматану» оқулығы баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми кеңесі ұсынған (№1 хаттама, 31.08.2022). Пікір жазғандар: Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Т.А. Кульгильдинова, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, PhD А.М. Жалалова, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Н.Р. Шенгелбаева.

Негізгі ережелер

Аталған оқулықтың негізгі мақсаты – болашақ аудармашының кәсіби құзыреттілігін, атап айтқанда оның құрамдас бөліктері: коммуникативті, арнайы, стратегиялық, әлеуметтік және жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру болды.

Сонымен қатар, оқулықтың жаңалығы – ана (қазақ) тілінде негізделген үштілділік идеясын теориялық және практикалық материалды игеруде жүзеге асыру.

Оқулықтың мазмұнында автордың аударма теориясы, практикасы және әдістемесі салаларындағы көп жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері, талдаулары мен тұжырымдары көрініс тапқан. Олар мәтіндік материалдарда, сонымен қатар авторлық сызбалар мен кестелерде топтастырылған.

Оқулық білім алушыларға аударма теориясы мен практикасының сан алуан, қиын әрі аз зерттелген аударма әлемінен ғылыми-танымдық мағлұмат алуына септігін тигізетіне үміттенеміз.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Оқулықта жүйелі-әрекеттілік, құзыреттілік және тұлғаға бағытталған ұстанымдар жүзеге асырылды.

Әдіснамалық стратегиясы аударматану саласындағы шетелдік және отандық ғалымдардың: А.Тайтлер, П. Ньюмарк, Х. Фермеер, Х. Крингс, Э. Пим, М. Бейкер, Л. Венутти, М. Снелл-Хорнби, Дж. Хаус, М. Перес; В.Н. Комиссаров, Л.С. Бархударов, Л.К. Латышев, Н.К. Гарбовский, В.Н. Базылев, С.В. Тюленев, И.С. Алексеева; О.Айтбаев, А.Сатыбалдиев, С.Талжанов, А.М.

Алдашева, Р.З. Загидуллин және басқалардың еңбектеріндегі ұсынылған қағидаттарды қорытындылау нәтижесінде анықталды.

Оқулық құрастыру кезінде жалпы ғылыми әдістері (анализ, синтез, жалпылау) және жеке лингвистикалық, дидактикалық және аудармашылық зерттеудердің әдістері де қолданылды.

Атап айтқанда, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-әдістемелік еңбектеріндегі аударма теориясының қазіргі бағыттарды анықтау талдау, жалпылау, контент-талдау әдістері қолданылды.

Аударматану метатілін нақтылауда, ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізгенде; сондай-ақ, кәсіби коммуникация саласында аудармашыларды даярлаудың принциптерін талдау үшін біз сипаттау-аналитикалық әдісті қолдандық. Сонымен бірге, ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі оқу дискурсының сипаттамалау барысында; тапсырмалар мен жаттығулар, тесттер жүйесін құрастыру үшін салыстыру, түсіндіру, жіктеу, жүйелеу әдістерін пайдаланылды.

Нәтижелер

Қазақ аударматану ғылымында алғаш рет аударма ғылымының негізгі ұғымдары оқулықта жүйелі түрде төмендегі тәртіппен берілген: «Аударматану ғылым ретінде» (1-тарау), «Аудармашылық іс-әрекеттің типологиясы» (2-тарау), «Аударма баламалылығы» (3-тарау), «Аударма прагматикасы» (4-тарау), «Аударма үдерісі» (5-тарау), «Аудармашыларды даярлау» (6-тарау), «Отандық және шетелдік аударматану» (7-тарау).


Мәселен, 1-ші тарауда аудармашылық қызметтің тарихи дамуы баяндалған, аударматанудың ғылым ретіндегі қалыптасуы кезеңдері көрсетілген; аударма теориясының пәні, нысаны, зерттеу әдістері, оның терминологиялық аппараты берілген. Теориялық материал сызбаларға салынған, мыс.:

1-сызба. Аударматанудың құрылымы [1, 19 б.]



2-ші тарауда аудармашылық қызмет типологиясының ұстанымдары баяндалады, әртүрлі негіздегі аударма түрлерінің жіктемелері келтіріледі. Мыс.:

2-сызба. Аударма түрлері (түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінінің сипаты бойынша) [1, 70 б.]



3-ші тарауда аударматанудағы баламалылық категориясы және оның барабарлық сияқты күрделі ұғымдармен байланысы ашып көрсетіледі; аудармашылық сәйкестіктер ұғымына талдау жасалады; лексиканың жеке-леген топтары: терминдер, жалқы атаулар, фразеологизмдерді аудару мәселесі қарастырылады.

4-тарау аударма прагматикасының күрделі мәселелері мен аударма сапасын бағалау мәселесіне арналған.

5-тарауда аударма үдерісінің механизмдері, оның кезеңдері, аударманың әдістері мен тәсілдері ашып көрсетіледі. Сондай-ақ аударма модельдері сипатталады.

6-тарауда аударма пәні оқытушыларын әдістемелік дайындаудың кейбір теориялық аспектілері қарастырылады. Сондай-ақ, болашақ аудармашыларға ұлттық тәрбие беруде қазақ терминологиясын оқытудың маңызы сөз болады; аудармашының тілдік тұлғасына және оның тіларалық қарым-қатынастағы рөліне сипаттама беріледі.

7-ші тарауда Отандық және шетел (Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Франция, Канада, Ресей және т.б.) аударматану ғылымының негізгі бағыттары баяндалған.

Әр тараудан кейін оқушылардың танымдық қызығушылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін дамытуға арналған өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, тесттер, сонымен қатар өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар берілген. Мыс.:

«Сұрақтар мен тапсырмалар»

- Психолингвистикалық жіктемеде аударманың қандай түрлері беріледі?
- Ауызша және жазбаша аудармалардың аражігін ажыратып беріңіз.
- Ауызша аударманың жазбаша аудармадан басты айырмашылықтары қандай?
- Ауызша аударманың қандай түрлері бар?

- Жазбаша аударманың қандай түрлері бар?
- Аударманың жанрлық-стилистикалық жіктемесін беріңіз.
- Көркем аударманың ерекшеліктері қандай?
- Аударманың сызбалық жіктемесін құрастырыңыз (кестелер, сызбалар, «бәйтерек», суреттер, т.б. түрінде)» [1, 78-79 б.].

«Тест тапсырмалары:

1. Ағылшынша жазбаша аударатын аудармашыны қалай атайды?

- A) instructor
- B) translator
- C) interpreter
- D) teacher
- E) voyager

2. Ағылшынша ауызша аударатын тәржімешіні қалай атайды?

- A) translator
- B) interpreter
- C) instructor
- D) writer
- E) editor» [1, 79 б.]

Тапсырмалар курстың теориялық ережелерін практикалық тұрғыдан дәлелдеу және аудармашылық амалдарды алғашқы бекіту үшін қажет. Сәйкес шеберлік пен дағдыларды меңгерту аударма бойынша практикалық сабақтарда кеңейтілген оқу материалдарымен жалғастырылуы тиіс.

Тапсырмалар ретінде күрделілігі мен сипаты әртүрлі мәтіндер (репродуктивтіден бастап шығармашылыққа дейін) таңдалды. Сондықтан да жұмыс әдістемесі аудитория дайындығы дәңгейіне байланысты болмақ. Мыс.:

«Өздік жұмыстардың тапсырмалары.

1. А.Тайтлердің еңбегі бойынша тапсырмалар (Tytler A.F. Essay on the principles of translation. – 3 Revised edition. ed. J.F. Huntsman. Amsterdam, 1978).
- А.Тайтлердің «Аударма принциптері туралы эссе» атты еңбегінен алынған мына екі бағыттың сипаттамасын аударыңыз:
 - to attend only to the sense and spirit of the original;
 - to convey the style and manner of writing of the original author. According to the former idea of translation, it is allowable **to improve and embellish**; according to the latter, it is necessary **to preserve** even blemishes and defects.
 - А.Тайтлердің төмендегі айтылымын аударыңыз:

I would therefore describe a good translation to be that in which the merit of the original work is so completely transfused into another language, as to be as distinctly apprehended, and as strongly felt, by a native of the country to which that language belongs, as it is by those who speak the language of the original work.
 - А.Тайтлердің аударманың үш заңының сипаттамасын аударыңыз:
 - That the Translation should give a complete transcript of the ideas of the original work.
 - That the style and manner of writing should be of the same character with that of the original.

- That the Translations should have all the ease of original composition.

Бұл үш заңды Тейтлер «аударма ережесін», яғни нормативті жазбаны қалыптастыру үшін қолданған.

2. В.Н. Комиссаровтың еңбегі бойынша тапсырмалар (В.Н.Комиссаров, Современное переводоведение. Учебное пособие. – М., 2002).

Аударма – лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде.

- Аударма теориясының ұзақ уақыт бойы тек лингвистиканың қолданбалы саласы ретінде қарастырылуының себебі не? Тіл білімінің структуралистік бағытының маңызы қандай?
- Тіл мамандары аударма мәселесімен қашан айналыса бастады? Негізгі себепші факторларды атаңыз.
- Лингвистика саласының аударма ғылымына әсері қашан басталды?
- В.Н. Комиссаров аударманың маңыздылығы және көпқырлылығына сипаттама беретін қандай үш тілдік факторды атап көрсетеді?
- Заманауи аударматану зерттеушілері салғастырмалы талдаудың қандай төрт әдісін қолданады? Әрқайсысының беретін нәтижесі қандай?
- Қазіргі аударма теориясының басқа да тәсілдерін атап, оларды сипаттап беріңіз.
- XX ғ. 60-жылдарындағы лингвистикалық үлгілердің аударма теориясының қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалы.

3. Н.К. Гарбовский еңбегі бойынша тапсырмалар (Гарбовский Н.К. Теория перевода. Учебник и практикум для академического бакалавриата. – М., 2023).

Аударманы зерттеудің пәнаралық бағыты

- Аударма теориясының пәнаралық мәртебесі пайда болуының алғышарттары.
- Аударма теориясы мен лингвистика арақатынасын ажыратудағы қайшылықтар негізіне не жатады?
- Аударманың пәнаралық тұғыры туралы идея қандай еңбектерде көрініс табады?
- Аударманың «тіларалық», «тілішілік» және «семиотикааралық» ұғымдарының ара жігін анықтаңыз. Қай ұғым аударма теориясын зерттеуде басты болып табылады?
- Н.К. Гарбовскийдің аударма теориясына пәнаралық мәртебе беру туралы көзқарасы қандай? Оның пікірімен келісесіз бе? Неліктен?

4. А.М.Алдашеваның еңбегі бойынша тапсырмалар (Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы, 2006)

Аударма және қазақ ұлттық мәдениеті

- Аударманың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-танымдық қызметі неде?
- Аударманың қазақ ұлттық мәдениетіндегі орны қандай?
- Қандай шығармалар «қазақ аудармасының бастауы» деп есептелінеді?
- Қай себептен автор көркем аударманы «дербес шығармашылық туынды» деп атайды?
- Аударманың тілі туралы қандай көзқарастар келтіріледі?

5. «Мен көптілді маманмын» тақырыбына эссе жазыңыз» [1, 42-45 б.].

Аударма терминдерінің қазақ тіліндегі бірізге түспегендігі бұл мәселені шешуді қиындатып отыр. Сондықтан оқулықта аударма терминдерінің авторлық глоссарийі үш тілдегі – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі – баламаларымен берілген. Мыс.:

«Автор мақұлдаған аударма (ағ. *authorative translation*, орыс. *авторизованный (авторизированный) перевод*) – автор талқылауынан өткен түпнұсқа мәтінінің аудармасы. Қар. *авторизация*.

Авторизация (ағ. *authorization*, орыс. *авторизация*) – автордың өз шығармасының аудармасын қарап шығып, мақұлдағаннан кейінгі ресми түрде бекітуі. Авторизация автордың аударма тілді жақсы білгенінде ғана жүзеге асады. Қар. *автор мақұлдаған аударма*

Авторлық аударма немесе **автоаударма** (ағ. *auto-translation/ self-translation*, орыс. *авторский перевод или автоперевод*) – түпнұсқа мәтіні авторының өзі жасаған аудармасы. Мысалы, билингв ақынның (жазушының) өзінің поэзиялық (прозалық) шығармасын өзге тілге аударуы» [1, 357 б.]

Оқулық соңында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде пайдаланылған үш бөліктерден тұратын әдебиеттер тізімі көрсетілген:

«Қазақстанда шыққан әдебиеттер:

Аударманың өзекті мәселелері / Құраст.: Құлманов С. – Алматы: Palitra-Press, 2015.

Аударматанудың заманауи мәселелері: ұжымдық монография / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақов, Т. Есембеков, ж.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

Әлпейісова К.Ә. Ілеспе аударма таным мен тәжірибе: Оқу құралы. – Алматы: Арда, 2018.

[...]

Ресейде шыққан әдебиеттер:

Алексеева И.С. Введение в переводоведение. – Уч.пособие.– М.: Академия, 2012.

Аликина Е.В. Педагогика перевода : монография. – Пермь: Изд-во ПНИПУ, 2017.

Алимов В.В. Теория перевода: Перевод в сфере профессиональной коммуникации. – М.: URSS, 2022.

[...]

Алыс шетелде шыққан әдебиеттер:

Baker M. In Other Words: A Coursebook on Translation. - 3rd edition Routledge. – L. and N.-Y., 2018.

Bassnett S. Translation Studies. – Routledge. – L. and N.- Y., 2013.

The Routledge Handbook of Translation Studies and Linguistics / Edited By Kirsten Malmkjaer. Routledge, L. and N.- Y., 2021. [...]» [1, 397-413].

Оқулықтың мәтінде жақшаның ішінде ғалым-аударматанушының аты-жөні жазылғанда, кітаптың соңында берілген әдебиеттер тізімінде бұл ғалым еңбегінің толық атауын табуға болады. Мысалы, 1-тарауда: [Комиссаров: 2002. Б.84-85] деген тік жақшамен көрсетілген дәйексөз В.Н.Комиссаров «Современное переводоведение» (М., 2002) атты еңбегінен нақты беттерден

алынғандығын көрсетеді. Немесе дөңгелек жақшаның ішінде курсивпен берілген шет тілдегі аударматанушылардың аттары әдебиеттер тізімінде олардың сол тілдерде жазған еңбектерін табуға болады: Мартин Лютер (*M.Luther*) – Luther M. Sendbrief vom Dolmetschen // H.J. Störig (Hrsg.). Das Problem des Übersetzens. – Stuttgart, 1963; Этьен Доле (*E.Dolet*) – Dolet E. De la manie're de bien traduire d'une langue en l'autre. – P., 1540.

Сондай-ақ, оқушылар өз тарапынан көрсетілген дереккөздермен тікелей өзіндік жұмыстарын жүзеге асыра алады.

Осылайша, оқулықта жүйелі-әрекеттілік, құзыреттілік және тұлғаға бағытталған тәсілдер жүзеге асырылды.

Талқылау

Аударма дидактикасы аударматанудың зерттелмеген салаларына жатады деп есептейді ғалымдар. Негізгі мәселелердің бірі – ғылыми тұжырымдамаға негізделген оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу.

Е.В. Аликина аударма педагогикасын педагогика ғылымы мен практикасының дербес саласы ретінде бөліп көрсету қажеттілігін негіздейді [2]. Бұл ретте аударма педагогикасын аударма дидактикасынан, аударма теориясы мен практикасының әдістемесін аударматанудың қолданбалы аспектілері ретінде ажырата білу керек.

Аударма педагогикасының теориялық негіздерін Д. Жиль, Ж. Ильг, М. Ледерер, Д. Селескович, Дж. Эрбер, В.Н. Комиссаров, Л.К. Латышев, Р.К. Миньяр-Белоручев, И.И. Халеева, М.Я. Цвиллинг, А.Ф. Ширяев, Н.Н. Гавриленко, Е.Р. Поршнева, С.С. Құнанбаева және т.б. зерттеушілері қалаған.

Соңғы жылдардағы монографияларда қазіргі заман талабына сай жаңа үлгідегі аударма оқулығын жасаудың өзектілігі атап өтіледі [3-5].

Ресейде жоғары оқу орындарына ресми түрде бекітілген аударма теориясы бойынша оқулықтардың бірі ретінде Н.К. Гарбовскийдің еңбегін [6] атай аламыз. Бұл шын мәніндегі қомақты басылым бола тұрса да, материалдың теориялық деңгейі тым жоғары (мысалы, «Трансформациялық операциялардың типологиясы», «Мағынаны түрлендірудің логикалық-семантикалық негіздері. Модуляция түрлері», т.б. тарауларында). Бұл, біздің ойымызша, студенттерге емес, магистранттар мен докторанттарға қажет. Оқулықтың «Тіл білімі және мәдениетаралық коммуникация» мамандықтарының студенттеріне арналғаны бекер емес.

Ашық баспасөзде жарияланған деректерге сүйене отырып, бүгінгі таңда Қазақстанда оқулық ретінде орыс тілінде жазылған К.М. Әбішеваның еңбегін [7] атауға болады, ол «Аударма ісі» мамандығының студенттері мен магистранттарына арналған. Бұл басылымның артықшылықтарына оның құрылымының модульдік принципі жатады, бұл оқулық материалдарын теориялық, практикалық, анықтамалық және бақылау модульдерге топтастырылған. Жарияланғанына 10 жылдан астам уақыт өтті және ондағы көптеген ақпараттар жаңартуды қажет ететін сияқты.

Қазақ тіліндегі басылымдарға келетін болсақ, соңғы жылдары аударматанудың әртүрлі салаларында көптеген оқу құралдар пайда болды,

олардың тізімін оқулығымыздан табуға болады (авторлар: А.М. Алдашева, К.Ә. Әлпейісова, Г.К. Қазыбек, Д. Мұқанов, Л. Дауренбекова, т.б.).

Дегенмен, университеттегі негізгі оқулығы ретінде көп қырлы аударма саласының сан алуан аспектілерін қамтитын, біртұтас әдістемелік тұжырымдамаға негізделген және оның барлық бөлімдерінде жүйелілік принципін жүзеге асыратын оқулық әлі күнге дейін отандық авторлармен жасалған жоқ. Осы орайда біздің басылым мемлекеттік тілдегі алғашқы оқулықтардың бірі болып табылады.

Соңғы жылдардағы талқылау пәні оқу процесінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын аударма құзыреттілігінің үлгілері (модельдері) болды.

Кейбір зерттеушілер құзыреттіліктердің ішінен жекелеген түрлерін басым деп ажыратады, мысалы, мәдениетаралық құзыреттілігі [8].

Басқалары жеке құзыреттіліктерді, атап айтқанда, екі тілді құзыреттілігін ғана дамыту дұрыс емес деп санайды, өйткені бұл жағдайда студенттер орындайтын аударма сапасы нашарлауы мүмкін [9].

Дж.Янг пен Д.Ли екітілді, прагматикалық, кәсіби, трансферттік және стратегиялық құзыреттіліктерді қамтитын аударма құзыреттілігінің педагогикалық моделін ұсынады [10].

И.Зоудың [11] пәнаралық көзқарас қажеттілігі туралы пікірі ең сәтті болып көрінеді.

Біздің ойымызша, негізгі аударма құзыреттілік интегративті болуы тиіс, оның құрамына: пәндік құзыреттілік (бастапқы мәтінді аудару үшін қажетті пәндік білімді пайдалана білу және қолдана білу); лингвистикалық құзыреттілік (кәсіби қарым-қатынас саласында ана және шет тілдерін білу мен пайдалану); және базалық, стратегиялық құзыреттілік (аударматану саласындағы теориялық білімді тәжірибеде пайдалану; аударманың нақты әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың белгілі бір коммуникативтік жағдайында аударманы рет-ретімен орындау; әртүрлі жағдаят кезінде аударма орындау үшін ақпараттық ресурстарды табу және пайдалану) енеді.

Осы құзыреттілік бағыт оқулығымыздың құрылымында да, оның мазмұнында да басты қағидатқа айналды.

Қорытынды

Аударматану пәні бойынша қазіргі заманғы шетел оқулықтарының талдауы студенттердің ана тілін есепке алмай, осы білім саласының теориялық және практикалық аспектілерін меңгеру өте қиын екенін көрсетті. Студенттердің шет тілдерін білу деңгейі әртүрлі, сондықтан күрделі аударма категорияларын меңгеруде, бір шет тілінен екінші шет тіліне аудару мысалдарын талдауда қиындықтар туындайды.

Аударматанудың әртүрлі бағыттары бойынша авторлық оқулықтарды жасау және пайдалану тәжірибесі ұлттық кадрларды даярлау үшін оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеудің қажеттілігін көрсетті. Сонымен қатар мәтіндік, грамматикалық және лексикалық материалды таңдауда

тыңдаушылардың ана тілі ескеріледі, олардың қазақ тілі мен мәдениетінің фактілеріне сүйенуге мүмкіндік береді.

Жұмыс нәтижелерінің үлкен практикалық маңыздылығы оқулықтың қолданушылардың кең ауқымына: студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар аударма пәнінің оқытушыларына, аудармашы-практиктерге бағытталғандығында.

Егер осы оқулық студенттерге, аударма теориясы мен практикасы курсының тыңдаушыларына, адамзат қызметінің ерекше бір түрі болып табылатын аударма мәселесіне қатысты бірқатар сұрақтарды шешуге септігін тигізсе, автор алға қойған міндеттерін орындады деп есептейді.

Алдағы жұмыстардың келешегін біз студенттермен кері байланыс орнататын, цифрландырудың заманауи талаптарына жауап беретін аударматану пәнінен электронды оқулық жасаудан көріп отырмыз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-25 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру аясында «Аударма сапасын бағалау: ғылыми және оқу салалары» атты тақырыбы (AP19680449) бойынша жарияланған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жумабекова А.К. Қазіргі аударматану: оқулық. – Алматы: ЛАНТАР BOOKS, 2023. – 378 б.

[2] Аликина, Е.В. Педагогика перевода: монография. – Пермь : Изд-во Перм. нац. исслед. политехн. ун-та, 2017. – 168 с.

[3] Поршнева Е.Р. Базовая лингвистическая подготовка переводчика: монография. – Н. Новгород, 2002. – 148 с.

[4] Дидактика перевода: традиции и инновации: монография / под общей редакцией Н.Н. Гавриленко. – Москва : ФЛИНТА, 2018. – 224 с.

[5] Подготовка переводчиков: дисциплины по выбору: коллективная монография / под общ. ред. Н.Н. Гавриленко М.: ФЛИНТА, 2022. – 168 с.

[6] Гарбовский Н.К. Теория перевода: учебник и практикум для академического бакалавриата. – М.: 3- изд. испр. и доп.– М.: Юрайт, 2023. – 387 с.

[7] Абишева К.М. Основы теории и практики перевода. Учебник. – Астана: Туран-Астана, 2012. – 352 с.

[8] Tomozeiu D., Koskinen K., D’Arcangelo A. Teaching intercultural competence in translator training // The Interpreter and Translator Trainer. – 2016 - Vol. 10. – Issue 3. – PP. 251-267. DOI: 10.1080/1750399X.2016.1236557

[9] Wu D., Zhang L.J., Wei L. Developing translator competence: understanding trainers’ beliefs and training practices // The Interpreter and Translator Trainer. – 2019. – Vol. 13. – Issue 3. – P. 233-254. DOI: 10.1080/1750399X.2019.1656406

[10] Yang Zh, Li D. Translation Competence Revisited: Toward a Pedagogical Model of Translation Competence // Advances in Cognitive Translation Studies. – Springer, Singapore. – 2021. – PP. 109-138

[11] Zou Y. The Constitution of Translation Competence and Its Implications on Translator Education // International Conference on Arts, Design and Contemporary Education. – 2015. – PP. 786-793.

REFERENCES

[1] Zhumabekova A.K. Qazirgi audarmatanu: oqulyk (Modern Translation Studies: Textbook). Almaty: LANTAR BOOKS, 2023. 378 b. [In Kaz.]

- [2] Alikina E.V. Pedagogika perevoda: monografija (Pedagogy of translation: monograph). Perm' : Izd-vo Perm. nac. issled. politehn. un-ta, 2017. 168 s. [In Rus.]
- [3] Porshneva E.R. Bazovaja lingvističeskaja podgotovka perevodčika: monografija (Basic linguistic training of a translator: monograph). N. Novgorod, 2002. 148 s. [In Rus.]
- [4] Didaktika perevoda: tradicii i innovacii: monografija (Didactics of translation: traditions and innovations: monograph) / pod obshhej redakciej N. N. Gavrilenko. Moskva : FLINTA, 2018. 224 s. [In Rus.]
- [5] Podgotovka perevodčikov: discipliny po vyboru: kollektivnaja monografija (Training of translators: elective disciplines: collective monograph) / pod obshh. red. N.N. Gavrilenko M.: FLINTA, 2022. 168 s. [In Rus.]
- [6] Garbovskij N.K. Teorija perevoda: uchebnik i praktikum dlja akademičeskogo bakalavriata (Translation theory: textbook and workshop for academic bachelor's degree). M.: 3-izd. ispr. i dop. M.: Jurajt, 2023. 387 s. [In Rus.]
- [7] Abisheva K.M. Osnovy teorii i praktiki perevoda. – Uchebnik. (Fundamentals of the theory and practice of translation. – Textbook). Astana: Turan-Astana, 2012. 352 s. [In Rus.]
- [8] Tomozeiu D., Koskinen K., D’Arcangelo A. Teaching intercultural competence in translator training // The Interpreter and Translator Trainer. 2016. Vol. 10. Issue 3. PP. 251-267. DOI: 10.1080/1750399X.2016.1236557
- [9] Wu D., Zhang L.J., Wei L. Developing translator competence: understanding trainers’ beliefs and training practices // The Interpreter and Translator Trainer. 2019. Vol. 13. Issue 3. P. 233-254. DOI: 10.1080/1750399X.2019.1656406
- [10] Yang Zh, Li D. Translation Competence Revisited: Toward a Pedagogical Model of Translation Competence // Advances in Cognitive Translation Studies. Springer, Singapore. 2021. PP. 109-138
- [11] Zou Y. The Constitution of Translation Competence and Its Implications on Translator Education // International Conference on Arts, Design and Contemporary Education. 2015. PP. 786-793.

ИЗ ОПЫТА СОЗДАНИЯ УЧЕБНИКА ПО ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЮ

*Жумабекова А.К.¹,

*¹доктор филологических наук, профессор кафедры восточной
филологии и перевода КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан,
e-mail: aigzhum@mail.ru

Аннотация. В статье описывается опыт создания автором учебника по переводоведению на казахском языке, актуальность издания которого состоит в практическом отсутствии в вузах страны учебного-методического сопровождения процесса обучения по специальности «Переводческое дело» на государственном языке. Все материалы были апробированы автором в течение многих лет при преподавании различных переводоведческих дисциплин студентам, магистрантам и докторантам переводческого отделения филологического факультета Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Основной целью данного учебника стало формирование профессиональной компетентности будущего переводчика, а именно ее составляющих: коммуникативной, специальной, стратегической, социальной и личностной компетенций. При этом новизной и основной идеей учебника является реализация идеи трехязычия с опорой на родной казахский язык при освоении как теоретического, так и практического материала.

В учебнике впервые в казахском переводоведении системно представлены основные понятия науки о переводе, которые раскрываются в следующей последовательности: «Переводоведение как наука» (глава 1), «Типология переводческой деятельности» (глава 2), «Эквивалентность перевода» (глава 3), «Прагматика перевода» (глава 4), «Процесс

перевода» (глава 5), «Обучение переводчиков» (глава 6), «Отечественное и зарубежное переводоведение» (глава 7).

В содержании учебника нашли отражение результаты, анализ и выводы многолетней исследовательской работы автора в области теории, практики и методологии перевода, сгруппированные как в текстовом материале, так и в виде схем и таблиц.

После каждой главы помещены вопросы и задания для самоконтроля, тесты, а также задания для самостоятельной работы, предназначенные для развития у учащихся познавательного интереса, логического мышления, творческой активности. В качестве заданий отобраны тексты разной сложности и характера (от репродуктивного до творческого). В конце приводится авторский глоссарий переводческих терминов с указанием эквивалентов на трех языках – казахском, русском и английском.

Таким образом, в учебнике были реализованы системно-деятельностный, компетентностный и личностно-ориентированный подходы.

Большое практическое значение итогов работы состоит в том, что учебник ориентирован на широкий круг пользователей: студентов, магистрантов, докторантов, а также преподавателей перевода, переводчиков-практиков.

Ключевые слова: переводоведение, учебник, специальность «Переводческое дело», переводческая компетенция, казахский язык, трехязычие, оценка качества перевода, научная и учебная сферы

FROM THE EXPERIENCE OF CREATING THE TEXTBOOK ON TRANSLATION STUDIES

*Zhumabekova A.K.¹

*¹Doctor of Philology, Professor of the Department of Oriental Philology and Translation of Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan,
e-mail: aigzhum@mail.ru

Abstract. The article describes the author's experience of creating a textbook on translation studies in the Kazakh language, the relevance of which publication lies in the practical absence of educational and methodological support in the country's universities of the educational process in the specialty "Translation Studies" in the state language. All materials have been tested by the author for many years when teaching various translation disciplines to students, undergraduates and doctoral students of the translation department of the philological faculty of the Abai Kazakh National Pedagogical University.

The main goal of this textbook was the formation of the professional competence of the future translator, namely its components: communicative, special, strategic, social and personal competences. At the same time, the novelty and main idea of the textbook is the implementation of the idea of trilingualism based on the native Kazakh language in the development of both theoretical and practical material.

For the first time in Kazakh translation studies, the textbook systematically presents the basic concepts of the science of translation, which are revealed in the following sequence: "Translation as a science" (chapter 1), "Typology of translation activity" (chapter 2), "Translation equivalence" (chapter 3), "Pragmatics of Translation" (chapter 4), "Process of Translation" (chapter 5), "Training of Translators" (chapter 6), "Native and Foreign Translation Studies" (chapter 7).

The content of the textbook reflects the results, analysis and conclusions of the author's many years of research work in the field of theory, practice and methodology of translation, grouped as in text material. as well as charts and tables.

After each chapter, there are questions and tasks for self-control, tests, as well as tasks for independent work, designed to develop students' cognitive interest, logical thinking, and creative activity. As tasks, texts of varying complexity and nature (from reproductive to creative) were

selected. At the end, the author's glossary of translation terms is given with equivalents in three languages - Kazakh, Russian and English.

Thus, the system-activity, competence-based and personality-oriented approaches were implemented in the textbook.

The great practical significance of the results of the work lies in the fact that the textbook is aimed at a wide range of users: students, undergraduates, doctoral students, as well as teachers of translation, translators-practitioners.

Keywords: theory of translation, textbook, specialty "Translation Studies", translation competence, Kazakh language, trilingualism, translation quality assessment, scientific and academic fields

Статья поступила 05.04.2023